

## Асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық анықталған аурулар тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 140 шешімі

2019 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы малымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімнің 3-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық анықталған аурулары тізбесіне қосымшаға (Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 74 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің асыл тұқымды өніміне молекулярлық-генетикалық сараптама жүргізу туралы ережеге тіркелген № 3 қосымша) сәйкес өзгеріс енгізілсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы  
алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық  
комиссиясы алқасының  
2024 жылғы 17 желтоқсандағы  
№140 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Асыл тұқымды ауыл шаруашылығы малының генетикалық детерминирленген ауруларының тізбесіне енгізілетін ӨЗГЕРІС

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

| Ірі қара мал: |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               |  | HCD –холестерин тапшылығымен байланысты гольштейн гаплотипі (OMIA ID 001965-9913);<br>BY – брахиспина (OMIA ID 000151-9913);<br>HH5 – гольштейн гаплотипі 5 (OMIA ID 001941-9913);<br>HH3 – гольштейн гаплотипі 3 (OMIA ID 001824-9913);<br>HH4 – гольштейн гаплотипі 4 (OMIA ID 001826-9913);<br>HH2 – гольштейн гаплотипі 2 (OMIA ID 001823-9913);<br>HH1 – гольштейн гаплотипі 1 (OMIA ID 000001-9913); |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| гольштейн қара және түрлі-түсті тұқымы, голштин қызыл және түрлі-түсті тұқымы және басқа тұқымдардың Гольштейнделген малы                                     | <p>HH6 – гольштейн гаплотипі 6 (OMIA ID 002149-9913);</p> <p>BLAD – лейкоциттердің адгезиясының жетіспеушілігі (OMIA ID 000595-9913);</p> <p>CVM – омыртқаның күрделі ақауы (OMIA ID 001340-9913);</p> <p>FXID – қанның XI (он бір) факторының тапшылығы (OMIA ID 000363-9913);</p> <p>MF – синдактилия (OMIA ID 000963-9913);</p> <p>MW – туа біткен бұлшықет әлсіздігі синдромы (OMIA ID 002819-9913);</p> <p>HH7 – гольштейн гаплотипі 7 (OMIA ID 001830-9913)</p>                                            |
| қызыл еуропалық тұқымдар (айршир, шведтік қызыл, даттық қызыл, англер, Viking Red) және қызыл еуропалық тұқымдармен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар | <p>АН1 – айршир гаплотипі 1 (OMIA ID 001934-9913);</p> <p>АН2 – айршир гаплотипі 2 (OMIA ID 002134-9913);</p> <p>FMO3 – балық иісі синдромы (OMIA ID 001360-9913);</p> <p>ARMC3 – ірі қара мал енуызының қысқарған талшық синдромы (OMIA ID 001334-9913);</p> <p>АМ – айршир тұқымының артрогрипозы (OMIA ID 002022-9913)</p>                                                                                                                                                                                    |
| абердин-ангус тұқымы және абердин-ангус тұқымымен будандастыру нәтижесінде пайда болған тұқымдар                                                              | <p>DD – даму кезіндегі екі еселенілер (OMIA ID 002103-9913);</p> <p>OS – остеопетроз (OMIA ID 002443-9913);</p> <p>ВНАС – көбейген артрогрипоз (OMIA ID 002135-9913);</p> <p>NH – нейропатиялық гидроцефалия (OMIA ID 000487-9913);</p> <p>СА – контрактуралы арахнодактилия (OMIA ID 001511-9913);</p> <p>M1 – миостатин мутациясы, бұлшық еттердің гипертрофиясы (OMIA ID 000683-9913);</p> <p>PRKG2 – ангустар ергежейлілігі (OMIA ID 001485-9913);</p> <p>A-MAN – альфа-маннозидоз (OMIA ID 000625-9913)</p> |
|                                                                                                                                                               | <p>ВН2 – күрең швиц тұқымының гаплотипі 2 (OMIA ID 001939-9913);</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

"1.

|                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| күрең тұқымдылар (швиц, алатау, кострома қоңыры) және күрең тұқымдармен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар | SDM – арқаның демиелинизациясы (OMIA ID 001247-9913);<br>SAA – арахномиелия және артрогрипоз синдромы (OMIA ID 000059-9913);<br>BHM – арқа бұлшық етінің жансыздануы (OMIA ID 002390-9913);<br>Weaver syndrome – Вивер синдромы (OMIA ID 000827-9913)                                                                |
| герефорд, казактың ақбас тұқымды және герефорд тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар                | IE – эпилепсия (OMIA ID 000344-9913);<br>HY – гипотрихоз (OMIA ID 001544-9913);<br>DL – диллютор (OMIA ID 001545-9913);<br>MD – төменгі жақтың деформациясы (OMIA ID 002288-9913);<br>MSUD – үйеңкі шәрбаты ауруы (OMIA ID 000627-9913)                                                                              |
| джерсей тұқымы және джерсей тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар                                   | JH1 – джерсей гаплотипі 1 (OMIA ID 001697-9913);<br>BLAD – лейкоцитарлы адгезия тапшылығы (OMIA ID 000595-9913);<br>D U M P S – уридинмонофосфатсинтаз тапшылығы (OMIA ID 000262-9913);<br>BHM – арқа бұлшық етінің жансыздануы (OMIA ID 002390-9913);<br>JNS – джерсей тұқымының нейропатиясы (OMIA ID 002298-9913) |
| монбельярд тұқымы және монбельярд тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар                             | SHGC – гипоплазия синдромы (OMIA ID 001502-9913);<br>MH1 – монбельярд гаплотипі 1 (OMIA ID 001827-9913);<br>MH2 – монбельярд гаплотипі 2 (OMIA ID 001828-9913)                                                                                                                                                       |
|                                                                                                                   | A – арахномиелия (OMIA ID 001541-9913);<br>BMS – бұқаның субфертильдігі (OMIA ID 001902-9913);<br>ZDL – туа бітті мырыш тапшылығы (OMIA ID 001935-9913);<br>TP – тромбопатия (OMIA ID 002433-9913);                                                                                                                  |

|                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| сүтті симменталь, етті симменталь тұқымдары және қуаң сары түсті тұқымдармен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар     | GON4L –симменталдар ергежейлілігі (OMIA ID 001985-9913);<br>BH2 – күрең швиц тұқымының гаплотипі 2 (OMIA ID 001939-9913);<br>FH2 – симменталь гаплотипі 2 (OMIA ID 001958-9913);<br>FH4 – симменталь гаплотипі 4 (OMIA ID 001960-9913);<br>осы тізбеде голштин және монбельярд тұқымдары үшін көрсетілген аурулар |
| сүтті шортгорн, етті шортгорн, галловей, киан тұқымдары және шортгорн тұқымдарын будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар | TH – үлкен жіліншік сүйектің гемимелиясы (OMIA ID 001009-9913);<br>MSUD – үйеңкі шәрбаты ауруы (OMIA ID 000627-9913)                                                                                                                                                                                              |
| лимузин тұқымы және лимузин тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдар                                            | PT – протопорфирия (OMIA ID 000836-9913)".                                                                                                                                                                                                                                                                        |